



Домбыра – қазақ
халқының ең кең тараған
екі ішекті, көп пернелі
музыкалық аспабы. Ол
— қазақтар өмірінде
маңызды орын алатын,
өзіндік музыкалық
сипаты бар аспап.



Дауылпаз —
қазақ урмалы аспаптарының
қатарына кіреді. Оны урып қана
қолданғандықтан, кез келген күшке шыдас
беру үшін қатты уйеңкі, қарағай, қайың секілді
ағаштардан тұтас ойып жасаған.
Дауылпаздың көлемі әрқалай болғанмен, оның
жасалуы оңай шаруа емес.



Сазсырнай
— сопақша келген,
үлкендігі қаздың жұмыртқасындай
саздан жасалған урмелі аспап. Бұл аспапты
кішкентай балалар мен жасөспірімдер
пайдаланған, диапазоны аса үлкен емес.
Сазсырнайда ойнай отырып, балалар аң-құстар
мен табиғат дыбыстарын шығарған.



Жетіген -
қазақ халқының көп
Ішекті шертпелі аспабы.
Жалпы тұрқы ұзынша, жәшік
тектес етіп жасалады. Аспаптың құлақ
күйі осы асықтарды әрлі-берлі жылжыту
арқылы келтірілген. Ішек сандары жетеу
болғандықтан, аспап Жетіген аталған.



Туяқтас –
қазақ тұрмыс салтында
Ежелден бар музыкалық аспап.
Ұзатылатын қыз ұзатылуына
3 - 4 күн қалғанда қоштасу әнін айта бастайды.
Әуенін туяқтаспен сүйемелдеп отырады.



music room.kz



Дабыл –
ертедегі урмалы саз аспабы.
Дауысы зор болғандықтан
дабылды ертеде жаугершілікте
ел шетіне жау келгенін хабарлауға,
жауға аттанар жасақты жиюға қолданған.



A circular graphic with a decorative border. On the left, a Kyzylkobyz instrument is shown vertically. The background is light-colored with a pattern of colorful butterflies in shades of purple, orange, yellow, and pink. In the bottom right corner, there is a QR code.

Қылқобыз –
екі ішекті, ыспалы
музыкалық аспап. Қылқобыз —
қазақ халқының ұлттық
аспаптарының ішіндегі ең көне
аспап. 9-10 ғасырларда өмір
сүрген Қорқыт ата дәуірінен
бері қылқобыздың сарыны
үзілмей келеді.



Шаңқобыз —
ежелден келе жатқан
Қазақтың музыкалық аспабы.
Аспап бітімі бөлек болғанымен, оның
құрылымы өте қарапайым. Бұл аспаптың
темірден немесе күмістен жасалған сүйір тілшесі
болады. Аспапта ойнау тәсілі де өзгеше. Шаңқобызды
ерінге қойып, тіске тіреп ойнайды. Аспап дыбысы
тілшені саусақпен шалып тартқан кезде
серіппенің тербелісі арқылы шығады.



Адырна-
қазақтың көп ішекті
шертпелі аспабы. Аспаптың
шанағы қуыс, беті көн терімен
қапталады. Б.з.б. аңшылар ұстанған
көне аспап саналады. Оның көне үлгісі
әуелде садақ тәріздес болған.



**СЫБЫЗҒЫ –
қазақтың урмелі музыкалық
аспабы. Қурайдан, ағаштан, кейде
жезден де жасалады. Урмелі аспаптар
арасында сыбызғы - халық үшін ең сүйікті
аспаптардың бірі болып саналады. Ол халық
музыка өнерінің ажырамас бөлігіне айналды.
Ежелгі заманнан бері сыбызғы шопандар
арасында сүйікті аспап болған.**



Асатаяқ —
қазақ халқының көнеден
келе жатқан музыкалық аспабы.
Тоқылдақ, сылдырмақ, сақпан
сияқты сілкілмелі аспаптардың қатарында.
Аспапта ойнау тәсілі айтарлықтай, қиын емес.
Асатаяқты ырғап, сілкіп, шайқап ойнайды.



**Қазақ
халқының ұлттық
аспаптары**

